

**"Техникалық реттеу және метрология саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 маусымдағы № 730 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 1151 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 21 қаңтарда № 12899 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 197-НҚ бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 14.09.2020 № 197-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Техникалық реттеу және метрология саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 маусымдағы № 730 бұйрығына (бұдан әрі – бұйрық) (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 11764 тіркелген, № 174 (28652) "Егемен Қазақстан" газетінде 2015 жылғы 12 қыркүйекте жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған:

1) көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификат беру";

2) көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификат беру";

3) көрсетілген бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын жасау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру";

4) көрсетілген бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын халықаралық, өңірлік стандарттарды және шет

мемлекеттердің стандарттарын, шет мемлекеттердің ұйымдарының стандарттарын, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін стандарттау, сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі қағидаларын, нормалары мен ұсынымдарын есепке алу";

5) көрсетілген бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік басқару органдарының метрологиялық қызметтерінің, жеке және заңды тұлғалардың қызметті жүзеге асыру жөніндегі нормативтік құжаттарды келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттары бекітілсін."

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес редакцияда 6-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Б.Б. Қанешев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялауға оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ М. Құсайынов

2015 жылғы 15 желтоқсан

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін атқарушының  
2015 жылғы 4 желтоқсандағы  
№ 1151 бұйрығына  
1-қосымша

## **"Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификат беру"  
мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Техникалық реттеу және  
метрология комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет өтінішін қабылдау:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) Министрліктің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу  
құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚО) арқылы  
жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) ХҚО;

3) [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге  
асырылады.

### **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге, ХҚО-ға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап:

сертификат беру кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні;

сертификаттың телнұсқасын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні.

ХҚО-ға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын екі жұмыс күні ішінде тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қарауға жазбаша дәлелді бас тартуды береді;

2) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут, ХҚО – 15 (он бес) минут;

3) көрсетілетін қызметті беруші қызмет көрсетуде күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут, ХҚО – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

Қағаз тасығышта мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу үшін жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті беруші басшысының мөрімен және қолымен расталады.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" сақталады.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификат немесе сертификаттың телнұсқасы.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

7. Мемлекеттік қызмет тегін негізде жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініш қабылдау және нәтижесін беру 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі.

2) ХҚО – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау "электрондық" кезек тәртібімен жеделдетілген қызмет көрсетусіз портал арқылы электрондық кезекті брондау мүмкіндігімен көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша жүзеге асырылады.

3) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталған соң, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не уәкілетті өкілі: өкілеттігін растайтын құжат бойынша заңды тұлға; нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша жеке тұлға) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) ХҚО және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы:  
сертификат алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

Мемлекеттік ғылыми-метрологиялық орталықтан (бұдан әрі – МФМО) өтініште көрсетілген өлшем құралдарына эксперименттік зерттеулер жүргізу барысында оң нәтиже алғаны туралы хат;

2.21-2007 "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшем құралдарының типін сынау және бекітуді жүргізу тәртібі" ҚР СТ Д-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өлшем құралдары типін сипаттау жобасы екі данада (бұдан әрі – ҚР СТ 2.21-2007);

ашық басылымда типтің сипатын жариялауға рұқсаты туралы көрсетілетін қызметті алушының хаты;

жеке басты куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);  
сертификаттың телнұсқасын алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басты куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

2) сертификаттың телнұсқасын алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басты куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін).

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті беруші және ХҚО қызметкері ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушыдан келісім алады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қажетті құжаттарды беру кезінде – өтінішті қағаз тасығышта қабылдауды растау оның құжаттар топтамасын қабылданған уақыты мен күні көрсетілген тіркеу туралы көшірмесіндегі белгі болып табылады.

ХҚО арқылы құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

ХҚО-да дайын құжаттарды беру көрсетілетін қызметті алушы өкілінің жеке куәлігін және оның өкілеттігін растайтын құжатты (көрсетілетін қызметті алушыдан сенімхат көшірмесі немесе түпнұсқасы) көрсеткен кезде тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағымен көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда ХҚО қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

### **3. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын тұлғаның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымында оның аты, тегі, әкесінің аты, пошталық мекенжайы, байланыс телефоны көрсетіледі.

Шағымда көрсетілетін қызметті алушының қолы болуы тиіс.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

ХҚО қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz) ХҚО интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша ХҚО басшысына жіберіледі.

ХҚО кеңсесіне қолма-қол және пошта арқылы түскен шағымның қабылдануын растау оның тіркелуі (шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркелген күні қойылады) болып табылады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы алуға болады.

Көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы шағым жіберген кезде "жеке кабинеті" арқылы көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отыратын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына, ХҚО-ға келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

#### **4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар**

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің [www.mid.gov.kz](http://www.mid.gov.kz) интернет-ресурсында;

2) көрсетілетін қызметті берушінің www.memst.kz интернет-ресурсында;

3) ХҚО www.con.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Заңнамамен бекітілген тәртіпте өзіне-өзі қызмет көрсетуді іске асыру, өздігінен қозғалу және жөн толық немесе ішінара қабілеттілігін және мүмкіншілігін жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттарды қабылдау Бірыңғай байланыс орталығына – 1414 жүгіну арқылы ХҚО қызметкерімен тұрғылықты жеріне бару арқылы жүргізіледі

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы, порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 27-09-37, 27-09-75. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

"Өлшем құралдарының типін  
бекіту туралы сертификат беру"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
1-қосымша

Нысан

### **Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификатты алуға арналған өтініш**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің  
Техникалық реттеу және метрология комитетіне  
жеке тұлғадан (толық тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда),  
жеке сәйкестендіру нөмірі), заңды тұлғадан (толық атауы,  
бизнес-сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда)).

Мынадай өлшем құралының: \_\_\_\_\_

(өлшем құралының толық атауы және белгіленуі)

\_\_\_\_\_ типін бекіту туралы  
(өндірушінің атауы, өндірістің аумақтық орналасқан жері)  
сертификатты беруді сұраймын.

Қосымша:

\_\_\_\_\_ (қоса берілетін құжаттар атауы)

Өндірілген немесе әкелінген өлшем құралдарының бекітілген типке



сәйкестігіне өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификаттың қолданылу мерзімінде кепілдік береміз.

Жеке тұлға \_\_\_\_\_

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

Заңды тұлғаның

басшысы \_\_\_\_\_

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

М.О. (болған кезде)

"Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

Нысан

## **Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификаттың телнұсқасын алуға өтініш**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетіне жеке тұлғадан (толық тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі), заңды тұлғадан (толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда)).

Қазақстан Республикасының өлшем брілігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде № \_\_\_\_\_ тіркелген мынадай өлшем құралын тіркеу нөмірі құралының: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (өлшем құралының толық атауы және белгіленуі)

\_\_\_\_\_ типін бекіту туралы

(өндірушінің атауы, өндірістің аумақтық орналасқан жері)

сертификаттың телнұсқасын беруді сұраймын.

Өндірілген немесе әкелінген өлшем құралдарының бекітілген типке сәйкестігіне өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификаттың қолданылу мерзімінде кепілдік береміз.

Жеке тұлға \_\_\_\_\_

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

Заңды тұлғаның

басшысы \_\_\_\_\_

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

М.О. (болған кезде)

"Өлшем құралдарының типін  
бекіту туралы сертификат беру"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
3-қосымша

Нысан

## **Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы  
15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2-тармағын  
басшылыққа ала отырып, "Халыққа қызмет көрсету орталығы" (мекенжайын  
көрсету) РМК филиалының № \_\_\_\_\_ бөлімі \_\_\_\_\_ Сіздің  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес  
құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты мемлекеттік  
қызметті көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:  
Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) \_\_\_\_\_ ;
- 2) \_\_\_\_\_ ;
- 3) \_\_\_\_\_ ....

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалған.

\_\_\_\_\_  
(ХҚО қызметкерінің) Т.А.Ә.А. қолы

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін атқарушының  
2015 жылғы 4 желтоқсандағы  
№ 1151 бұйрығына  
2-қосымша

## **"Өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификат беру"  
мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "Қазақстан метрология институты (ҚазМетрИн)" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтінішті қабылдау және нәтижесін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;
- 2) Министрліктің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚО) арқылы жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші берілген рұқсаттамалар туралы мәліметтерді "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесіне енгізеді.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге, ХҚО-ға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап:

сертификат беру кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні;

сертификаттың телнұсқасын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні.

ХҚО-ға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын екі жұмыс күні ішінде тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші белгіленген мерзімде өтінішті одан әрі қарауға жазбаша дәлелді бас тартуды береді;

2) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыру үшін рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут, ХҚО-ға– 15 (он бес) минут;

3) көрсетілетін қызметті берушінің қызмет көрсетуге рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут, ХҚО-да– 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – өлшем құралдарының метрологиялық аттестаттау туралы сертификаты немесе сертификаттың телнұсқасы.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету құны "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 146-бабы 1-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің басшысымен 0,35 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бекітілді.

Төлем екінші деңгейдегі банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол емес нысанда жүзеге асырылады.

#### 8. Жұмыс кестесі:

1) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініш қабылдау және нәтижесін беру 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі.

2) ХҚО – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау "электрондық" кезек тәртібімен, портал арқылы электрондық кезекті брондау мүмкіндігімен жеделдетіп қызмет көрсетусіз көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не уәкілетті өкілі: өкілеттігін растайтын құжат бойынша заңды тұлға; нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша жеке тұлға) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) ХҚО және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы:

сертификат алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

Мемлекеттік ғылыми-метрологиялық орталықтан (бұдан әрі – МҒМО) өтініште көрсетілген өлшем құралына эксперименттік зерттеулер жүргізу барысында оң нәтиже алынғаны туралы хат;

жеке басты куәландыратын құжат (жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін);

сертификаттың телнұсқасын алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басты куәландыратын құжат (жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін);

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті беруші және ХҚО

қызметкері ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушыдан келісім алады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қажетті құжаттарды беру кезінде – өтінішті қағаз тасығышта қабылдауды растау оның құжаттар топтамасын қабылданған уақыты мен күні көрсетілген тіркеу туралы көшірмесіндегі белгі болып табылады.

ХҚО арқылы құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

ХҚО-да дайын құжаттарды беру көрсетілетін қызметті алушы өкілінің жеке куәлігін және оның өкілеттігін растайтын құжатты (көрсетілетін қызметті алушыдан сенімхат көшірмесі немесе түпнұсқасы) көрсеткен кезде тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағымен көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда, ХҚО қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

### **3. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің Техникалық реттеу және метрология комитетінің (бұдан әрі – Комитет), көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Комитет басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымында оның аты, тегі, әкесінің аты, пошталық мекенжайы, байланыс телефоны көрсетіледі.

Шағымда көрсетілетін қызметті алушының қолы болуы тиіс.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Комитеттің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

ХҚО қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz) ХҚО интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша ХҚО басшысына жіберіледі.

ХҚО кеңсесіне қолма-қол және пошта арқылы түскен шағымның қабылдануын растау оның тіркелуі (шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркелген күні қойылады) болып табылады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы алуға болады.

Көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы шағым жіберген кезде "жеке кабинеті" арқылы көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отыратын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Комитеттің, көрсетілетін қызметті берушінің атына, ХҚО-ға келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

#### **4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар**

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

- 1) Министрліктің [www.mid.gov.kz](http://www.mid.gov.kz) интернет-ресурсында;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің [www.kazinet.kz](http://www.kazinet.kz) интернет-ресурсында;
- 3) ХҚО [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Заңнамамен бекітілген тәртіпте өзіне-өзі қызмет көрсетуді іске асыру, өздігінен қозғалу және жөн толық немесе ішінара қабілеттілігін және мүмкіншілігін жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттарды қабылдау Бірыңғай байланыс орталығына – 1414 жүгіну арқылы ХҚО қызметкерімен тұрғылықты жеріне бару арқылы жүргізіледі

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы, порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 27-09-37, 27-09-75. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

Өлшем құралдарын метрологиялық  
аттестаттау туралы сертификат беру"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
1-қосымша

Нысан

### **Өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификатты алуға өтініш**

"Қазақстан метрология институты (ҚазМетрИн)" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жеке тұлғадан (толық тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда), заңды тұлғадан (толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда)).

Мынадай зауыттық нөмірі бар өлшем құралын \_\_\_\_\_  
(өлшем құралының толық  
атауы және белгіленуі

\_\_\_\_\_ (өндірушінің атауы, өндірістің аумақтық орналасқан жері)  
метрологиялық аттестаттау туралы сертификат беруді сұраймын.  
Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны  
құрайтын мәліметті пайдалануға келісім беремін.

Қосымша: \_\_\_\_\_  
(қоса берілген құжаттардың атауы)  
Жеке тұлға \_\_\_\_\_

